

Эра высоких цен на нефть подошла к концу. Казахстан больше не может полагаться на экспорт нефти для роста своей экономики. Для решения вопроса необходима соответствующая фискальная политика. Как и у любой другой политики, у нее есть достоинства и недостатки. Увеличение государственных расходов может изменить совокупный спрос, тем самым способствуя экономическому росту. С другой стороны, государство не может постоянно увеличивать свои расходы. Как и у любого другого экономического агента, его ресурсы ограничены. Следует отметить недостатки эффекта вытеснения. При правильном применении налогово-бюджетная политика может способствовать экономическому росту.

#### Литература

1. Соничен Н. Среднегодовая цена на сырую нефть ОПЕК с 1960 по 2020 гг. 2021. [statista.com/statistics/262858/change-in-opec-crude-oil-prices-since-1960/](https://statista.com/statistics/262858/change-in-opec-crude-oil-prices-since-1960/)

2. Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан. 2020. <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-programmy-nurly-zhol-za-pyat-let-poyavlenie-platnyh-dorog-novye-rabochie-mesta-rost-gruzoperevozok-2133112#:~:text=%D0%9F%D1%80%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B0%20%D0%BD%D0%B0%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B0%20%D0%BD%D0%B0%20%D1%81%D0%BE%D0%B7%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%80%D1%82%D0%BD%D0%BE%D0%B9.%D1%81%D1%83%D0%BC%D0%BC%D1%83%205%2C5%20%D1%82%D1%80%D0%BB%D0%BD%20%D1%82%D0%B5%D0%BD%D0%B3%D0%B5.>

3. Хайес. А. Фискальная и монетарная политика. Преимущества и недостатки. 2020. <https://www.investopedia.com/articles/investing/050615/fiscal-vs-monetary-policy-pros-cons.asp>

4. Петингер Т. Фискальная и монетарная политика. 2020 <https://www.economicshelp.org/blog/2253/economics/monetary-policy-vs-fiscal-policy/#:~:text=The%20advantage%20of%20using%20fiscal,time%2C%20improve%20the%20budget%20deficit.>

Әбілғазы Ә.Қ., 2 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ)  
Ғылыми жетекші - э.ғ.м., аға оқытушы Тиштыкбаева А.Ж

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНК ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Банк- өзінің жарғысы бар, толық шаруашылық есеп және өзін-өзі қаржыландыру негізінде қызмет жасайтын ұйым . Ол ақша қаражатын тарту, орналастыру және басқа банктік операциялар жүргізетін мекеме болып табылады [1].

Елімізде қабылданған банктік заңдылықтарға сәйкес ҚР-дағы банк жүйесі екі деңгейден тұрады. ҚР Ұлттық банкі- мемлекеттік орталық банк ретінде бірінші деңгейді білдіреді. Өзге банктердің барлығы - екінші деңгейді сипаттайды, сондықтан да оларды іс-жүзінде екінші деңгейдегі банктер деп атайды. Екінші деңгейлі банктердің әрекеттерінің заңдық негізі болып- 1995 жылдың 31 тамызындағы №2443 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк әрекеттері туралы» Заңы табылады.

Осы заңға сәйкес, Қазақстандағы екінші деңгейлік банк жеке меншіктен тәуелсіз коммерциялық әрекетті жүзеге асырушы заңды тұлға болып табылады, оның қызмет етуінің негізгі мақсаты- пайда табу болмақ. Екінші деңгейлік банктер Қазақстанның аумағында, сол сияқты оның шекарасынан тыс жерлерде өздерінің еншілес банктерін, филиалдары мен өкілдерін ашуға құқылы [2] .

ҚР банк жүйесі және оның қызметі бойынша статистикалық мәліметтерге сүйенсек, кейінгі үш жылда елеулі оқиғалар, соның ішінде банк жүйесіне қатысты маңызды шешімдер көп болды. Екінші деңгейлі банктердің саны 4-ке азайып, олардың үшеуі мәжбүрлі түрде жабылса, ең ірі екі банк бірікті. Осы оқиғаларға қарамастан, ЕДБ-нің абсолютты шамадағы жалпы табысы, 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда, 657 миллиард теңгеге артты. 2018 жыл банк жүйесінде Qazaq Bankі, Астана Банкі және Эксимбанк сынды банктер кетіп, Қазком мен Халық банкінің бірігуі аяқталды. Банктердің өткен жылғы жиынтық актив көлемі 25,24 трлн теңгені құрады, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 4,2% артық.

Жекелеген банктер туралы айтар болсақ, актив көлемі ең үлкені – Халық банк. 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, «жаңарған» Халық банкінің активі 8,67 трлн теңгені құраған, ол

Халық банк пен Қазком активтерін қоса алғандағы көрсеткіштен 1,8 пайызға артық. Актив көлемі бойынша екінші орын – Сбербанкке тиесілі. 2019 жыл басында қаржы ұйымының активтері 1,89 трлн теңгені немесе ЕДБ жиынтық активінің 7,5 пайызын құрады. 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, өсім 8,3 пайызды құрады.

Елдегі банктердің саны қысқарған соң, үздік үштікке Forte Bank кірді. Қаржы институтының активтері соңғы бір жылда 18,1 пайызға, яғни 1,78 трлн теңгеге дейін өсіп, бүкіл ЕДБ активтерінің 7 пайызын құрады [3]

Кесте 1.

ҚР үшін банк секторының экономикадағы рөлі

Көрсеткіштің атауы	01.01.2019	01.01.2020
ЖІӨ млрд теңге	61 819,5*	67 668,4**
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы,%	40,8%	39,6%
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы,%	22,3%	21,8%
Клиенттер салымдарының ЖІӨ-ге қатынасы,%	27,6%	26,6%
Қаражат бөлігінішікі активтерге орналастыру коэффициенті	1,019	1,03

Кестеден көріп отырғанымыздай, бір жыл ішінде едәуір өзгерістер орын алған. Аталған жыл аралығында ЖІӨ деңгейі ұлғайып, қалған ЖІӨ қатынастары 1%-ға төмендеген. Осы арқылы ел экономикасы, елдің ЖІӨ үшін банктердің алар орны ерекше екенін байқаймыз. Әйткенмен, 2020 жылғы көрсеткіштер 2019 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда төмендей түскен. [3]

Жалпы елімізде қазіргі кездегі қызметтерін ескере келе, оны әрі қарай дамыту мақсатында келесі міндеттер ұсынылады:

- Несиелердің аймақтар бойынша берілуінде, әрбір өңір бойынша жеке және заңды тұлғалардың табысына қарай пайыздық сыйақы мөлшерлемесін бекіту;
- Экономика салалары бойынша берілетін несиелердің үлесінде өндіріс саласына берілетін несиелер түрлерін ынталандыру шараларын қолға алу;
- Несие портфелінің сапасын жақсарту үшін несиелеу процесіне сақтандыру компанияларын белсенді қатыстыру;
- Банктердің несиелер саясатын жетілдіру арқылы несиелер қолжетімділігімен қамтамасыз ету қажет.

Қорытындылай келе, банк- коммерциялық ұйым, ақша нарығында операциялар жүргізеді және алдына қоятын мақсаты - пайда табу болып табылады. Экономика нарығында банктердің алар орны зор. Жалпы, банктің реформаны жүргізу қажеттілігін келесілермен түсіндіруге болады: шаруашылық органдардың арасында төлемдер мен есеп айырысуды жүргізуде бұрынғы жүйенің қабілетсіз болуы; банктерде мерзімі өткен қарыздардың зиянды мемлекеттік кәсіпорындардың есебінен көбеюі; қаржы ресурстарының дұрыс бөлінбеуі. Қазақстандықтар үшін қазіргі кезде банктердің тиімді қызмет жасауы - қолайлы, әрі пайдалы деп білемін.

Әдебиеттер:

1. «Ақша, несиелер, банктер» оқулық. Әл-араби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Алматы, 2018 ж.
2. Коммерциялық банктер. С. Искендірова, Г. А. Рахимова. Қарағанды, 2014 ж.
3. ҚР банк секторының ағымдағы жағдайы. ҚР Ұлттық Банкі. Алматы 2020, [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

Әнет Б.Е., Тәңірберген С.С., 3 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)  
Ғылыми жетекші – э.ғ.м., аға оқытушы Артақшинова В.С.

## МЕМЛЕКЕТТІК АҚША - НЕСИЕЛІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ ТИІСТІ ӘДІСТЕР МЕН ҚҰРАЛДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ақша-несиелік реттеудің Орталық банк тұрғысынан негізгі объектісі болып экономикадағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақша массасы болып табылады. Орталық банк ақша айналымының көлемі мен құрылымын реттеуді екінші деңгейлі банктік мекемелер операцияларын басқару, тиісті әдістер мен құралдардың көмегімен несиелік-депозиттік эмиссия шарттарын анықтау жолымен